Бекемін

«Балдәурен» бөбекжай – бақшасына

меңгерушісі Г.Жанибекова

«03» «02» 2022 жыл

«Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз»

Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы:

«Математика патшалығына саяхат»



Орындаған: Б.Ганиева

2021-2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Таным, шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: ҚМҰҚ

Тақырыбы: «Математика патшалығына саяхат»

Мақсаты: Сандарды тура және кері санауға, сандар көршісін атауды. Алдында-артында ұғымдарын дамыту. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін кеңейту.

Ресурстар: интерактивті тақта, сиқырлы кілемше, геометриялық фигуралар, таратпа цифрлар, түрлі-түсті қағаздар, желім, үлестірмелі тапсырмалар, қыстырғыш , губка гуашь.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	-Балалар, кане бүгінгі оқу қызметімізді бастамас бұрын шаттық шеңберін құрайықшы **Шаттық шеңбері** Күнге қарап қолымды, 1,2,3 деп соғайын. Қарап тұрған көршіме, Мен қолымды бұлғайын. Жылы-жылы жүзбенен, Маңдайынан сипайын. Ыстық алаканыммен, Қолыңды бір қысайын. Құшақтасып өзіңмен, Амандасып алайын.	Балалар шеңберге тұрып қимылдар жасайды
Ұйымдастыру ізденушілік	- Бүгін топқа келе жатсам біздің топқа арнап жазған хат тауып алдым. Кімнен болды екен, оқып көремізбе? **Хат:** Құрметті балалар, біздің математика патшалығында қиындықтар туындап жатыр. Қатігез сиқыршы бүкіл патшалық тұрғындарын сиқырлап тастады. Барлық сандар шатасып, ал геометриялық фигураларымыз өз аттарын ұмытып қалыпты. Мен сендерді бір жыл бойы бақылап	Ия

	келемін, математика оқу қызметінде көңілді, қызықты ойындар ойнап келесіңдер. Тек сендер ғана сиқырдың күшін қайтарып, берілген тапсырмаларды орындай аласыңдар.	
	С/п **Математика патшайымы**	
	-Балалар патшайымға көмектесеміз бе?	Ия
	Патшалық өте-өте алыста. Алыс жерге біз жаяу бара алмаймыз солай ма?	
	Біз немен барсақ болады?.	көлікпен, ұшақ, поезд, автобус, тік ұшақ т.б
	Дұрыс айтасыңдар. Көліктің түрлері көп екен солай ма?	
	Ал мен сендерге патшалыққа сиқырлы кілемшемен баруымызды ұсынамын.	
	-Міне сиқырлы кілемше. Балалар қараңдаршы біздің сиқырлы кілемшеміз жұмыссыз жата беріп тозып, тесіліп қалыпты.Не істесек болады екен? Кілемшені қалай жамасақ екен?	Ия
	Бізге мүмкін геометриялық фигураларды жапсыруымыз керек шығар. Қане маған көмектесіңдер ме?	
	Қазір мен сендердің әр-қайсыңа геометриялық фигураларды таратып беремін. Ал енді орнымыздан тұрып сиқырлы кілемшеге фигураламызды жапсырамыз.	Ия
	Жапсырып болған соң балалар дереу өз жапсырған орнымызға тұра қалайық. Үшуға дайынсыңдар ма?	
	Қараңдаршы бізді бұлттар қарсы алып жатыр.	құлып
	Міне балалар патшалыққа келіп жеттік. Бірақ патшалық жабық тұр.	сандар

	Есігінде не тұр екен? Қалай кірсек болады екен. Қарандаршы мен сиқырлы дөңгелектер көріп тұрмын. Қане жақындап көрейікші. Нелер бар екен? Дұрыс айтасыңдар сандар бар екен. Қане балалар бір қатарға тұрып 1ден 5 ке дейінгі сандардың үстімен рет-ретімен секіріп өтеміз. Орындарыңа отыра қойыңдар. Қарандаршы балалар патшалықтың есігі ашылыпты. Бізді ол жақта геометриялық фигуралар күтіп тұр екен. Қане тақтаға мұқият қарайық. **1-тапсырма**: дөңгелек пішінге ұқсас заттарды апарып дөңгелек фигураның жанына орналастыр. Қайсы зат артық екен? **2-тапсырма**: тіктөртбұрышқа ұқсас затты апарып қасына орналастырамыз. **3-тапсырма**: үшбұрышқа ұқсас заттарды үшбұрыштың қасына апарып орналастырамыз. Сергіту: «Қуырмаш». Теледидардан видео көрсету. -Мен қолымды шапалақтап соғамын сендер дыбыс арқылы неше рет соғылғанын атап бересіндер. Енді 1 ден 5 ке дейін тура және кері санаймыз. **Қимылды ойын**: «Көршісін тап» ойыны Шарты: әр балаға 1 ден 5 ке дейінгі сандар таратылып беріледі. Балалар рет-ретімен тұрып, қасындағы көршілерін атайды. 2 саны сенің алдыңда кай сан тұр	Жастық пен ойыншық пирамида Қимыл жасап отырдайды санайды

	Жарайсыңдар балалар! Сендерге ойын ұнады ма? **Шығармашылық жұмыс:** 1-топ: Ұмаждалған қағазбен сурет салу әдісі. Шарты: берілген сандардың ішіне қағазды ұмаждап жапсырады. 2-топ: Батырма әдісі Шарты: суретте көрсетілген көліктің қай бөлігі жоқ? Дөңгелектерін батырма әдісі арқылы салады. 3-топ: бөлінген бөліктері бойынша геометриялық фигураларды құрастырамыз.	ойынды қызыға ойнайды ие ұнады
Рефлексивті түзетіңіліс	Қорытынды Жарайсыңдар, балалар! Біз барлық тапсырмаларды орындадық. Бүгін кімге көмектестік? Және қандай тапсырмалар орындадық? Геометриялық фигураларға ұқсас заттарды қасына апарып орналастырдық. Сандарды тура және кері санадық. Олардың көршілерін таптық. Балаларды мадақтап, оқу қызметін қорытындылау. Балалар біз енді балабақшамызға қайтуымыз керек. Және сиқырлы кілемшеге мініңдер.	Балалар сұраққа жауап береді Ия Үшбұрыш, төртбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелек

Күтілетін нәтиже: Сандарды тура және кері санайды, сандардың көршісін атайды. Алдында-артында тұрғанын біледі. Геометриялық фигураларды ажыра алады.